

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 998

"Досарм, Досавиа және Досфлотты Қазақ ССР-інің армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдесу жөніндегі Ерікті қоғамы (ДОСААФ) етіп біріктіру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1951 жылғы 8 қыркүйектегі N 732 қаулысымен құрылған Армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдесу жөніндегі Ерікті қоғамның (ДОСААФ) "Отан" қоғамдық бірлестігі етіп қайта жаңғыртылуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасында шақырылатын және шақыруға дейінгі жастарды қарулы Күштерде қызмет атқаруға даярлау, спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 479 қаулысы;

"Қазақстан Республикасында авиация мамандары мен спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылар даярлау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 521 P930521_ қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары екі апта мерзімде өздерінің нормативтік актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі